

Сауда платформасын орнатуға арналған нұсқаулық IOS арналған нұсқа


1. Қосымшаны орнату

«Цесна Капитал» мобильді қосымшасы (бұдан әрі – Қосымша) iOS операциялық жүйесінде жұмыс істейтін iPhone және iPad мобильді құрылғылар үшін әзірленген.

Қосымшаны мобильді құрылғыға орнату үшін онда қосымшалардың стандартты дүкенін («App Store» бағдарламасы) ашып, іздеу бөліміне (Search) кіру және іздеу жолына «цесна капитал» немесе «цесна» түйінді сөздерін енгізу қажет.


Іздеу нәтижелері ішінен әзірлеуші «Цесна Капитал» АҚ-ның атауы мен логотипі көрсетілген қосымшаны таңдап, экрандағы «Get», содан кейін «Install» батырмасын басу керек (жүктеу және орнату процесі басталар алдында өзінің есептік деректерін - AppleID пен парольді енгізу талап етілуі мүмкін).

Жүктеме индикаторы Қосымшаны жүктеу мен орнату барысын көрсетеді. Процесс аяқталғаннан кейін Қосымшаның белгішесі (таңбашасы) мобильді құрылғының басты экрандарының бірінде пайда болады.




2. Қосымшаға ЭЦҚ кілтін орнату


Қосымша орнатылғаннан кейін одан арғы мүмкіндіктер үшін Қосымша арқылы клиенттік тапсырыстарды/бұйрықтарды беру үшін Қосымшаға ЭЦҚ-ның файл кілттерін жүктеу (орнату) талап етіледі. Ол үшін мобильді құрылғыны дербес компьютерге қосып, iTunes компьютерлік бағдарламасын ашып, онда ұялы телефонның белгішесін (таңбашасын) басу керек. *Аталған нұсқаулықта Windows операциялық жүйесі бар дербес компьютер пайдаланылатын мысал келтірілген.*




Сол жағынан ашылған мәзірден «Бағдарламалар» бөлімін таңдау керек. Жұмыс терезесінің төменгі бөлігінде файлдарды бағдарламаның қорғалған тұсына жазуға мүмкіндік беретін, құрылғыдағы бағдарламаларды санамалап шығатын «Жалпы файлдар» кіші бөлімі көрсетіледі. Жалпы файлдарды пайдаланатын бағдарламалар тізімінен «Цесна Капиталды» таңдап, содан кейін «Файлды қосу...» батырмасын басу қажет.



Windows тасымалдаушының ашылған терезесінен ЭЦҚ кілтіңіздің файлы іздеу және таңдау керек (жеке тұлғалар үшін – RSA, заңды тұлғалар үшін GOST атауымен басталатын файл пайдаланылады).



«Цесна Капитал Құжаттары» кіші бөлімінің тізімінде ЭЦҚ-ның қосылған кілті пайда болады. Қосымшаға ЭЦҚ-ның басқа кілттерін қосу қажет болғанда, жоғарыда көрсетілген қадамдарды қайталау қажет.




3. Клиентті сәйкестендіру

Қосымшаны іске қосу кезінде клиенттің тіркеу деректерін (логин және пароль) енгізуге арналған нысан ашылады.

Оңайлату үшін авторландыру парағында пайдаланушы енгізген логинді Қосымшаның жадында қалдыру режимінің ауыстырғышы көзделген. Сондай-ақ, логинді сақтау режимін кейінірек Қосымшаның «Қосымша» бөлігінде қосуға/ажыратуға болады.


Пайдаланушы логин мен парольді енгізгеннен кейін Қосымша авторланған клиентті қалайда айқындайды.



4. Қосымшаның негізгі мәзірі

Қосымшаның негізгі мәзірі мынадай бөлімдерден тұрады:

- Акциялар (Қазақстан қор биржасындағы акцияларды сатудың ағымдағы ахуалын көрсетеді, бұдан әрі – KASE)
- Менің қағаздарым (клиенттің қосалқы шотындағы құнды қағаздар саны)
- Менің ақшам (клиенттің қосалқы шотындағы ақша көлемі)
- Хабарламалар (Брокердің клиентке жіберетін ақпараттық хабарламалары)
- Бұйрықтар (клиенттік тапсырыстар/бұйрықтар журналы)
- Тапсырмалар (ақшаны аударуға арналған тапсырмалар-бұйрықтар журналы)
- Мәмілелер (клиенттің мәмілелер журналы)
- Қосымша (Қосымшаның қосымша функциялары мен баптаулары)
- Шығу (ағымдағы пайдаланушының сессиясын аяқтау)



Мәзірді көрсету/жасыру Қосымшаның жоғарғы сол жақ бұрышында орналасқан тиісті батырманы басу арқылы немесе экранды солдан оңға қарай (жасыру – оңнан солға қарай) парақтау қимылымен жүзеге асырылады.

5. Акциялар; акциялар тізімін баптау


Клиент өз қалауы бойынша акциялардың өзіндік дербес тізімін қалыптастыра алады, ол «Акциялар» бөлімінде көрсетілетін болады. Ол үшін Қосымшаның негізгі мәзірінен «Қосымша» бөлімін, содан кейін «Акциялар тізімін баптау» кіші бөлімін таңдап алу керек. Экранда акциялардың тізімі жазылған нысан көрсетіледі. Ауыстырғышты тиісті тикердің қатарына қою/алып тастау жеткілікті болады. Клиент жүзеге асырған барлық баптаулар Қосымшада сақталады.

Клиент таңдаған акциялар тізімі Қосымшаның баптауларында белгіленген мерзімділікпен жаңарып отырады (мәзірдің «Қосымша» -> «Жаңару кезеңі» бөлімі).

Құралы бар плашканы басу кезінде экранда контекстік мәзір пайда болады. Егер «Стақан» тармағы таңдалса, экранда баға белгіленім стақаны көрсетіліп, онда биржа мүшелері таңдалған қаржы құралдарын сатып алуға/сатуға шығарып қойған барлық (қазіргі уақытта қолданылатын) тапсырыстар туралы жиынтық ақпарат жазылады. Саудаға қойылған барлық бағалар мен акциялар/облигациялар саны* туралы ақпарат көрсетіледі.



Тикер	Баға	Өзгеріс
CCBN	143.51	0%
GB_KZMS	847	1.85%
HSBK	35.49	0.00%
Index_KASE	980.55	0.00%
KCEL	1 118.9	0.00%
KEGC	915.9	-0.75%
KKGB	197.6	0%
KZTK	9 200.09	0%
KZTKp	7 020	0%
KZTO	942	0%
RDGZ	13 050.74	0%
RDGZp	6 790	-4.15%




Продажа	Цена	Покупка
244	985.45	-
5 000	880	-
693	870	-
4 949	857.31	-
200	857	-
4 786	855	-
278	850	-
500	849	-
500	848	-
100	847	-
-	824.42	5 146
-	774.2	70
-	765	150
-	760	1 000
-	731	1 370

6. ЭЦҚ кілтін таңдау

Клиенттік тапсырыстарды/бұйрықтарды берер алдында Қосымшаның баптауларында ЭЦҚ-ның пайдаланылатын кілті туралы мәліметті сақтау керек. Ол үшін «Қосымша» -> «ЭЦҚ кілті» кіші бөліміне өту талап етіледі. Пайда болған экрандық нысанның төменгі бөлігінде Қосымшада пайдалану үшін қолжетімді ЭЦҚ кілтінің тізімі көрсетіледі (Қосымшаға ЭЦҚ кілтін жүктеу процесін осы Нұсқаулықтың «Қосымшаға ЭЦҚ кілтін орнату» бөлімінен қараңыз).

Экрандық нысанның жоғарғы бөлігінде ЭЦҚ-ның таңдалған кілтінің деректері пайда болады. ЭЦҚ кілтін таңдау файлдың атауы бар жолды басу арқылы жүзеге асырылады (жеке тұлғалар үшін – RSA, заңды тұлғалар үшін GOST атауымен басталатын файл пайдаланылады). Таңдалған кілт алдынан жасыл қанат белгісі пайда болып, аталған ЭЦҚ кілті Қосымшадағы тапсырыстарға/бұйрықтарға қол қою кезінде автоматты түрде пайдаланылатын болады.



Сертификат НУЦ
Номер:
7745c2092a73d91d9c68e15859c6059288ba2e113e73920a46b4b9aa39ad5e1
Период действия:
с 21.05.2015 до 20.05.2016
Владелец:
serialNumber: 8N745896125463 commonName: ДЕЙСТВУЮЩИЙ ФИЗИЧЕСКИЙ surname: ДЕЙСТВУЮЩИЙ givenName: ДЕЙСТВУЮЩИЙ countryName: KZ_stateOrProvinceName: АСТАНА localityName: АСТАНА
Контейнер на устройстве
RSA_b6eba39c09fa76c747390c6698 e6cd31b95a6ab0

7. Акцияларды сатып алуға/сатуға тапсырыс беру

Бағалы қағаздарды сату/сатып алу үшін клиент клиенттік тапсырысты қалыптастырады. Мәселен, сатып алу кезінде «Акциялар» бөлімінде құралы бар плашканы басып, ашылған контекстік мәзірден «Сатып алу» тармағын таңдау қажет.

Сол сияқты, сату кезінде «Менің қағаздарым» бөлімінде құралы бар жолды басып, контекстік мәзірден «Сату» тармағын таңдап алу керек.

Клиент пайда болған нысанда тапсырыстың параметрлерін (бағасын, санын және қолданылу мерзімін) көрсетуі тиіс. Бұл ретте, әдепкі қалпы бойынша, тапсырыстың қолдану мерзімі ағымдағы күнтізбелік күннің соңына дейін белгіленеді. Тапсырыстың болжанып отырған жалпы сомасы бір құралдың бағасын сатып алынатын/сатылатын құралдардың санына көбейту арқылы есептеліп шығарылады.



Клиент аталған параметрлерді толтырып, «ОК» батырмасын басқаннан кейін Қосымша ЭЦҚ кілтіне пинкодты енгізуге арналған нысанды экранға шығарады. Клиент растаған тапсырыс/бұйрық Қосымшада тесеруден өтеді, содан кейін экранда тексерудің нәтижесі көрсетілген хабарлама пайда болады.

8. Тапсырыстың/бұйрықтың күшін жоюға бұйрық беру

Акцияларды сатып алуға немесе сатуға бұрын берілген тапсырыстың/бұйрықтың күшін жою үшін клиент күшін жоюға арналған тиісті бұйрықты қалыптасырады.

Ол үшін бұйрықтар журналындағы (мәзірдің «Бұйрықтар» бөлімі) тапсырыс/бұйрық орналасқан жолды басып, ашылған контекстік мәзірден «Бұйрықтың күшін жою» тармағын таңдау керек, содан кейін Қосымша экранға бұйрықтың толтырылған нысанын шығарады.

Бұйрыққа қол қою бойынша бұдан кейінгі әрекеттер сатып алуға/сатуға арналған клиент тапсырысын беру кезіндегі әрекеттерге ұқсас болады.



Барлық мәселелер бойынша мына телефондар бойынша хабарласуыңызды сұраймыз: (7172) 767-443, 767-441.